

## ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ САБАҚТАСТЫҒЫ

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан

Қоғамды экологияландыру – бұл адамның табиғатпен үйлесімділігіне қол жеткізуге бағытталған қоғам көзқарасының жаңа жүйесін қалыптастыру процесі. Тарихи тұрғыдан бағдарласақ, адамның өмір тіршілігінің, қызмет-әрекетінің негізі – табиғат заттары мен табиғи процестер. Олар адамзаттан әлдеқайда бұрын пайда болған, адам санасынан тыс және тәуелсіз өмір сүреді. Қоршаған ортаны танып білу, игеру барысында адам табиғат дүниесіне қуатты және ауқымды ықпал ете алатын күдіретті өзгертуші күшке айналады. Мұны ғылымда «екінші табиғат» деп атайды. Демек, табиғат заттарының, процестерінің, құбылыстары мен жәй-күйлерінің болмысы өткінші, өтпелі. Олардың болмысы (болмыссыздығы) ауыспалы, қалыптасу, даму, өзгеру процесі кезектесіп отырады. Олардың болмысы – сақталатын да, жоғалатын да болмыс. Гегель қалыптасу процесін саралай отырып, оны жоғалатын болмыс немесе болмыстың жоғалуы деп дәл көрсеткен болатын. Сонымен, табиғат болмысының тағы бір ерекшелігі, тұтастық ретіндегі табиғат дүниесінің тұрақты әрі түпкілікті болмысындағы жекелеген мәндердің өтпелі және тұрақты болмысының диалектикасын танытады.

Оны дүниеге келтіру адамдардың әлеуметтік өмірдегі белгілі мұқтаждарынан, мақсат-мүдделерінен туындады. Осылайша, екінші табиғат бірінші табиғаттың заңдылықтарына бағынатын төл туындысы, оның материалдарынан адамның білімі, еңбегі, тәжірибесі және дағдысы негізінде қоғамдық сұраныстарды қанағаттандыру мақсатында жасалды. Яғни, «екінші табиғат» болмысы – табиғи - рухани-әлеуметтік тұтастық құрайтын нақтылы ақиқат. Сондықтан да, бір жағынан, қоғам мен «екінші табиғаттың» үнемі үйлесім тауып отыру қажеттігі еш уақытта маңызын жоймайды, екінші жағынан, «бірінші табиғат» пен «екінші табиғаттың» ортақ заңдылығын, бір тұтастығын, бірегей болмысына қатысты олардың өзара байланысын сақтап, реттеп отыруы да заманымыздың жалпы адамзаттық мәселесі болып табылады.

Үздіксіз білім берудің бірінғай жүйесінің *бірінші сатысы* - отбасы, яғни баланың алғашқы әлеуметтік ортасы — мұнда баланың өзін-өзі тәрбиелеу, білім алуға деген алғашқы іс-әрекет дағдылары қалыптасады. Бұл баланы балабақшаға дайындаудың алғашқы қадамы болып есептеледі.

Үздіксіз білім берудің *бірыңғай жүйесінің екінші сатысы* - мектепке дейінгі тәрбие. Мектеп пен басқа оқу мекемелері қызметінің нәтижесі негізінен мектепке дейінгі тәрбиеге байланысты. Бұл ерекшеліктер балабақша мен бастауыш мектептердегі тәрбие сабақтастығының тиімділігін дәлелдейді.

*Үшінші саты* - бастауыш мектеп, балабақшада берілетін тәрбие мазмұнының жалғасы және жоғары сатыларда берілетін білімнің негізі, алғашқы бастауы.

Үздіксіз білім берудің негізгі сипаты білім беру жүйесінің біртұтастығымен айқындалып, білім беру сатыларының арасындағы тығыз байланыстың болуы сабақтастықты білдіреді. Ал, бұл болса үздіксіз білім беру процесіндегі экологиялық тәрбие беру сабақтастығын білім беру процесінің барлық сатыларында жүзеге асыруды талап етеді.

Экология мәселесі жөніндегі қабылданған мемлекеттік құжаттарда болашақ ұрпақ үшін қоршаған ортаны қорғаудың құқықтық негіздері көрсетіліп, биологиялық алуан түрлілікті сақтау мен табиғатты ұтымды пайдалануға бағытталған іс-шаралар белгіленген.

Мәселен:

- мектепке дейінгі мекемелер мен арнаулы орта және жоғары оқу орындарында экологиялық білім негіздерін міндетті түрде оқыту;
- басшы қызметкерлер мен мамандардың кәсіби экологиялық даярлығы және қоршаған ортаны қорғау туралы заңдар негізінен білімі болуы;
- қоршаған ортаны қорғау саласынан ғылыми зерттеулердің, конструкторлық және практикалық тұрғыда тәжірибеге енгізу жұмыстарының мемлекет тарапынан қолдау табу мәселелері атап көрсетілген.

Шығыстың екінші ұстазы, әл-Фарабидің пайымдауынша табиғаттың баға жетпес байлығы біріншіден адамды оқу-білім, тәлім-тәрбие, ізгілік сияқты қасиеттерге баулу үшін алдымен қоршаған дүниені, табиғат құбылыстарын танып-білу керек; екіншіден табиғатты аялау, ізгілікке баулу ұлттық тамырдан нәр алады, үшіншіден табиғатқа деген адам көзқарасының дұрыс бағытта болуы оның ой-сезіміне әсер етіп, мінез-құлқын жетілдіру арқылы жүзеге асады.

Ұлы Абай да өзінің қарасөздерінде табиғат туралы философиялық ой-пікірлер мен табиғат заңдылықтарын терең пайымдап, табиғаттың бар байлығын адам баласының аузына тосып, таусылмас азық болып отырғандығын көрсете келе, «Кім өзіне махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың парыз», – деп өскелең ұрпақты табиғат-ананы сүйе білуге үндегені белгілі. Демек, философтардың, педагогтардың еңбектеріндегі ой-тұжырымдардан олардың экологиялық тәрбие беруді экологиялық сана, экологиялық таным, экологиялық қарым-қатынас; экологиялық іс-әрекет; экологиялық сезім; экологиялық қызығушылық; экологиялықкөзқарас ұғымдарымен бірлікте қарастырғанын байқаймыз. Егер, табиғатты қорғау – әлеуметтік табиғи түзілім десек, оның құрылымын құрайтын экологиялық ұғымдарға зерттеуіміздің мазмұнына сай, біз төмендегідей мазмұндық сипаттама беруді жөн көрдік:

Экологиялық сана - экология саласындағы мәселелерді шешу, ең алдымен адамның оған қатысты экологиялық санасын қалыптастыруды қажет етеді, экологиялық сана экологиялық білім, табиғатты және қоршаған ортаны қорғау заңдылығын бұзғандармен өздік қалауы бойынша белсенді күрес жүргізудегі талпынысы немесе әрекеті, сол себепті экологиялық сана қоғамдық сананың формасы ретінде маңызды қызмет атқарады.

Экологиялық таным - ақылы, сезімі ретінде баланың ең басты қасиеттерінің бірі - өзін қоршаған ортаны танып-білуге деген ерекше ұмтылысы. Бала айналасындағы әлеуметтік дүниені, табиғатты танып білу барысында олардың ішкі құпиясына үңіледі, табиғаттың даму заңдылықтарын

білуге әрекет жасайды, өзінің құрдастарымен қарым-қатынасын белгілейді. Демек, экологиялық таным баланың қоршаған орта жөніндегі жаңа әрі тың білімді игеріп, рухани баюы болып есептеледі.

Экологиялық қарым-қатынас – баланың табиғатты танып білуге, оны қамқорлығына алуға, өзгертуге және сақтауға бағытталған танымдық, қызметтің маңызды бөлігі. Экологиялық қарым-қатынас «адам мен табиғат», «табиғат–қоғам» жүйесінің тиімді жағдайын қолдау мақсатында адамдардың өз арасында пайда болады.

Экологиялық іс-әрекет – адамның табиғи ортаны танып білуімен, меңгеруімен, өзгертуімен және сақтауымен сипатталады. Мәселен, техника саласындағы-өндірісті экологияландыру, ғылымдағы-экологиялық проблеманың төңірегіне интеллектуалдық күштерді жинақтау, құқық саласындағы - табиғатты қорғау жөніндегі заңдарды дайындау сияқты педагогикада - экологиялық ойлау стилі мен табиғаттағы пайдалы іс-әрекет дағдыларын меңгерту.

Экологиялық сезім – табиғаттағы әсемдікті қабылдап, бағалау кезіндегі рухани ләззат алушылықтың ең жоғары көрінісі. Табиғаттың сұлулығына сүйсіне білу, адамды көріксіз нәрседен жирендіріп, жақсылыққа ұмтылуға бастайды.

Экологиялық қызығушылық – адамның қоршаған ортаға, табиғатқа деген ерекше көңілі. Қызығушылық табиғаттағы белгісіз жағдайларға қызығу, оның заңдылықтарын, құпия сырларын, табиғат құбылыстарының бір-бірімен қатынасы мен өзара байланысының себебін біліп, оны әрі қарай зерттеуге ұмтылудан тұрады.

Қорыта келгенде бүгінгі таңда ғаламдық экологиялық ахуалдың нашарлауы қолайсыз экологиялық жағдайлардың өріс алуы экологиялық білім мен тәрбие берудің мақсат-міндеттерін, республикамыздың үздіксіз білім беру жүйесінің барлық сатыларында жүзеге асыруды, жастардың көзқарасын, табиғатқа жауапкершілік қарым-қатынасын қалыптастыруды, мектепке дейінгі мекемелерден бастап жоғары оқу орындарына дейінгі аралықты экологиялық білім мазмұнымен жаппай қамтып, оны сабақтастықта жүргізуді талап етеді.

«Сабақтастық», «экологиялық тәрбие сабақтастығы» ұғымдарының мәнін анықтау, оларға берілген анықтамалар мен тұжырымдарды бір жүйеге келтіріп, мазмұнды сипаттама беруге және өз анықтамамызды ұсынуға негіз болды: сабақтастық - үздіксіз білім беру процесіндегі баланың дене және рухани дамуының ішкі үйлесімді байланысы мен жеке басы дамуының бір сатыдан екінші сатыға өтудегі ішкі дайындығы, экологиялық тәрбие сабақтастығы – баланың қоршаған ортадағы әсемдікті сезініп, оны бағалай білу қасиеттері мен дағдыларының мектепке дейінгі кезеңнен бүкіл ғұмырындағы түрлі сатылар арасындағы байланысы.

Халық фольклоры жанрларының (ертегі, аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, тыйым сөздер және т.б.) мазмұндық сипаты кіші жас балаларына экологиялық тәрбие берудегі мүмкіндіктерінің жоғары екендігін дәлелдейді.

Ұсынылып отырған модель (компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері) балабақша мен бастауыш мектеп оқушыларының экологиялық тәрбиелілігі деңгейін анықтауға септігін тигізеді.

Ғылыми тұрғыда негізделген «Үздіксіз білім берудегі экологиялық тәрбие сабақтастығы тұжырымдамасы» жаңа бағдарламалар мен оқулықтар дайындауда кіші жас балаларына экологиялық тәрбие беруде бағыт-бағдар береді.

Тәжірибелі-эксперимент жұмыстарының нәтижелері, арнайы жасалған педагогикалық-әдістемелік құжаттар, оқу-әдістемелік кешендер жаңа бағытта жүргізілген жүйелі жұмыстар кіші жас балаларының табиғатты қорғай білу дағдыларының, қасиет-сапаларының қалыптасып дамуына ықпал жасайды.

Ата-аналар мен тәрбиешілердің, бастауыш мектеп мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің табиғатты қорғау орталықтарымен педагогикалық ынтымақтастық қарым-қатынастағы бірлескен жұмыстарының мазмұнында ұлттық идеяның басымдылық көрініс алуы экологиялық проблемалардың тиімді шешілуіне көмектеседі. Жүргізілген зерттеу жұмысы бойынша мынадай ұсыныстар жасауға болады:

- отбасы, балабақша мен бастауыш мектеп оқушыларының экологиялық тәрбиелілігін сабақтастықта қалыптастыру мақсатында ұсынылып отырған «Үздіксіз білім берудегі экологиялық тәрбие сабақтастығы тұжырымдамасын» оқу-тәрбие жұмыстарында негізге алу керек;

- үздіксіз білім беру процесіндегі экологиялық тәрбие сабақтастығын жүзеге асыруға байланысты ұсынылған педагогикалық шарттарды пән мұғалімдері басшылыққа алғаны дұрыс;

- «Мен және табиғат» күнтізбелік жоспарын, балабақша мен бастауыш сыныптардың оқу-тәрбие процесінің тәжірибесінде пайдаланған жөн;

- кіші жас балаларына экологиялық тәрбие беру мақсатында жасалған әдістемелік кешендер мен әдістемелік оқу-құралдарын тәрбиешілер мен мұғалімдер оқу-тәрбие жұмысы барысында негізге алғаны дұрыс, балабақша мен бастауыш сыныптарда экологиялық тәрбие беруде пайдаланылған жаңа педагогикалық технологияларды экология сабағында пайдалану қажет;

- оқушыларға үздіксіз экологиялық білім беру проблемасына байланысты тәжірибелі-эксперимент жүзінде тексерістен өткен әдістемені сыныпта және сыныптан тыс іс-әрекеттер кезінде қолдану қажет;

- экологиялық тәрбие сабақтастығын білім берудің барлық сатыларында іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында мұғалімдердің экологиялық білімін жетілдіру бағдарламасын дайындау қажет.

Зерттеу проблемасы қазіргі таңда өте күрделі мәселе болғандықтан толығымен шешімін тапты деуге болмайды. Алдағы уақытта балабақша, бастауыш сынып оқушылары мен орта мектеп оқушыларының экологиялық тәрбие сабақтастығы; балабақша, бастауыш сынып оқушыларының экологиялық білімінің басқа білімдермен сабақтастығы, экологиялық білімнің сыныптан тыс жүргізілетін іс-әрекеттер түрлерімен сабақтастығы және т.б. проблемалар арнайы зерттеуді қажет етеді.

## Қолданылған әдебиеттер

1. Балабақшадағы экологиялық тәрбие жұмыстарына арналған көмекші құрал. Техникалық байланыстар жөніндегі Германия қоғамы. –Алматы. 1998. – 1-15 б.
2. Бүлдіршіндерге экологиялық тәрбие беру. Оқу-құрал. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1998. –83 б.
3. Табиғатты бағала да аяла. (Баланы мектепке дайындау сыныбы мен топтарында экологиялық тәрбие беруге арналған көмекші құрал). –Алматы: «Зерде» баспасы, 2001. - 72 б.
4. Оқу-тәрбие процесіндегі экологиялық сабақтастықтың ғылыми-теориялық негіздері. Монография: Зерде баспасы. –Алматы, 2005. - 181 б.